

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OKOK1519>

***Б. Т. Тлеубекова¹, Ж. Қ. Сағынтаева², Ә. П. Шаһарман³**

¹«Сымбат» Дизайн және

технология институты АГЭУ,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Ә. Марғұлан атындағы Павлодар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

³Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-2345-6789>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3649-2735>

*e-mail: biko.1972@mail.ru

А. СЕЙДІМБЕКТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРНАМАСЫ

Қазақ сөз өнерінің тарихында тарихи-танымдық, этнографиялық шығармаларды жазу дәстүрі ежелгі дәуірден бастау алады. Белгілі зерттеуші ғалым Ақселеу Сланұлы Сейдімбек көптеген жылдар бойы зерттеп, оқырмандарға ұсынған күй өнерін (аспаптық музыкалық композиция) жан-жақты зерттеуді аяқтады. Автор қазақ халқының әдеби мұрасын тарихи және этнографиялық тұрғыда қазақ халқының рухында талдайды, олардың қалыптасу тәсілдерін, әлеуметтік өмірін және табиғи әдеттерін нақты дәлелдерге сүйене отырып талдайды. Қазақ музыкалық мәдениетіндегі ең эмпирикалық материал алғаш рет рухани революция болып табылады, ал көптеген халық негизделген. Жазушының ойлары жақсы ғылыми дәлелдерге толы. Прозашы жазған ғылыми-эстетикалық романды зерттеу маңызды. Бұл жазушының ата-бабаларының дәстүрлерін түсіндіру бойынша тарихи, танымдық жұмысының құнды мұрасы. «Қазақтар әлемі» («Мир казахов») кітабының авторы да деректі прозаның мәдени-эстетикалық сипатының көркемдік сапасын көрсетеді. Халық аңыздарын, салт-дәстүрлерін ұйымдастырады. Халық қолөнері, музыкалық аспаптар, ұлттық аңшылық, өнер шеберлері және т.б. –

барлығы тарихи сана жүйесімен байланысты. Сонымен қатар түркі халықтарының мәдениеті, өзара байланысы, үндестігі жүйелі түрде жарияланып тұрады. Жазушы-ғалымның «Қазақтар әлемі» («Мир казахов») кітабына ұлттық тарихтың маңызды дәстүрлері енгізілген.

Кілтті сөздер: күй өнері, ұлттық этнография, әдеби-ағартушылық қызмет, фольклор, эпикалық саға, халық музыкасы.

Кіріспе

Көрнекті жазушы, фольклортанушы-әдебиеттанушы ғалым А. Сейдімбектің дүниетанымынан сонау Әбунасыр Әл-Фараби дәуірінде негізі қаланған энциклопедиялық шығармашылық тұлғалар тағылымын сезінеміз. Жазушы-ғалымның шығармашылық ғұмырнамасы – әдеби үдеріспен сабақтас рухани құндылық көрсеткіші. Жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбек – қазақ тарихындағы аса көрнекті шығармашылық тұлға, қоғам қайраткері.

Тарихтың әр қилы кезеңінде әлеуметтік-саяси ахуалмен тағдырлас ұрпақтың қалыптасып отыруы табиғи үрдіс. Қазақ қоғамында түбегейлі системалық алмасу XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап жеделдей түсті. Бұрын елдің әлеуметтік өмірінде мал шаруашылығы бел алып жатса, енді аграрлы-өндірістік жүйе үстемдік құра бастады.

Мұндай тарихи-әлеуметтік өзарада қалыптасқан ұрпақ, қос енені төл еміп тез жетіккен төл сияқты, өткен мен бүгінді салғастыруға, ел өміріндегі сапалық өзгерістерді парықтауға мейлінше жүйірік, тарихи зердесі сергек болып қалыптасты. Олар бұрынғы дәстүрлі қоғамның барша болмысын тал бойына дарытқан, сонымен бірге жаңа өмірді де жасақтаушы ұрпақ еді. Осы қасиеттер олардың мідени-рухани ізденістерінде айқын көрініс тауып, ұлттық рухы биік, төлтума бояуы қанық, ой-тұжырымы тың туындылар беруіне себепші болды. Мұндай әсер-ықпалдан Ақселеу Сланұлының да шығармашылық тағдыры шет емес [1].

Материалдар мен әдістері

Ақселеу Сланұлының шығармашылық мол мұрасын ашуда, алдымен, теориялық зерттеу әдістері қолданылды, яғни тақырыпты ашуда әдебиет көздерін зерттеу, зерделеу әдісі бойынша ғылыми еңбектер тізімі жасалды. Ғылыми пікірлер талданып, салыстырылып, сараланды, теориялық талдаулар жасалды. Алынған нәтижелер қорытындыланып, нақтылау жұмыстары жүргізілді. Ізденушілерге, оқырманға қажетті материалдар жинақталып, жүйеленіп ұсынылды.

Жазушының 1981 жылы жарық көрген «Күңгір-күңгір күмбездер» атты ғылыми-көпшілік кітабы қазақтың дәстүрлі мәдениетін өзінің төлтума калпында біртұтас құбылыс ретінде қарастыруымен, тарихи-этнографиялық

дерегінің молдығымен, әсіресе, ұлттың рухани әлемін парықтаудағы тың тұжырымдарымен оқырман назарын аударған еңбек болды [2, 119-б.]. «Күңгір- күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар» тарихи-этнографиялық шығармасының «Құлақ күй» тарауының басталуында жазушы адам мен табиғат егізделуін айтады. «Табанымызды шөп сүрткен, мандайымызды Күн иіскеген балалық шақтың бір сәті естен кетпейді.

Тауы тау, даласы дала, көңілі көл, тасы тас, гүлі гүл... қалпында. Есіме түскен сайын жүрегімді шымырлатады» [3, 837-б.].

Әлем әдебиетінің әйгілі туындысы Гомердің «Илиада» және «Одиссея» атты эпикалық поэмаларының қара сөзбен әңгімеленген нұсқасын ол қазақ тіліне аударып, аталмыш еңбегі 1974 жылы жеке кітап болып жарық көрді. Гомер поэмаларының қара сөзбен әңгімеленуі және оның оқырман көңілінен шығуы Ақселеу Сейдімбекке ой салады. Сөйтіп, 1979 жылы оның «Алпамыс батыр» атты кітабы жарық көреді. Қазақтың эпикалық қарымы кең, поэтикалық қуаты тегеурінді жыр-дастандарын насихаттау мақсатынан туындаған бұл еңбегі эпосты қара сөзбен баяндаудағы алғашқы бастама еді [4, 4-б.].

Сол сияқты Ақселеу Сейдімбектің аударуындағы жарық көрген (1988) И. Можейконың «7 және 37 керемет» («7 и 37 чудес») атты кітабы да – оның аударма саласында тындырған толымды еңбегі. Бұл кітапта Азия, Африка елдерінің әлемдік кереметтер санатына жататын ғажайып мәдени ескерткіштері мен айтулы өнер туындыларының өзіндік ерекшеліктері және олардың дүниеге келу тарихы қызықты деректермен жан-жақты баяндалған [5, 227-б.].

Белгілі ғалым-зерттеуші Ақселеу Сланұлы Сейдімбек ұзақ жылдар бойы күй өнері туралы жүргізген кешенді зерттеуін 2008–2010 жылдары аяқтап, оқырман назарына ұсынды. Автор қазақ халқының рухани әлемінде айрықша орны бар күй өнерін тарихи және этнографиялық аяда зерделеп, оның өзіндік қалыптасу жолдарын, әлеуметтік өмірімен біте қайнасқан болмысын, сондай-ақ төлтума қасиеттерін нақтылы айғақ-деректерге сүйене отырып, саралайды. Еңбекте қазақтың музыкалық мәдениетіне қатысты мейлінше мол эмпирикалық материалдар алғаш рет рухани айналымға түсіп, көптеген халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы тың дерек тұжырымдар негізінде пайымдалған. Автордың ойы орамды, тілі шұрайлы ғылыми дәлелдері тегеурінді. Прозаның ғылыми эссе үлгісімен жазылған туындының танымдық-эстетикалық тағылымы маңызды. Тарихи-танымдық еңбекті қаламгердің ата-бабалар дәстүрін ұрпақтарға ұғындыратын құнды мұрасы деп табуға болады [6, 729-б.]. Жазушының «Мир казахов» атты туындысы да деректі прозаның мәдени-эстетикалық сипатының көркемдік сапасын танытады. Халық аңыздары, салт-дәстүрлері мен әдет-

ғұрыптарын жүйелеген. Халықтың қолөнер, музыкалық аспаптар, ұлттық аңшылық, өнер шеберлері, т.б – бәрін де қаламгер тарихи сана жүйесімен байыптаған. Сонымен бірге туысқан түркі халықтарының да мәдениеті, өзара байланыстар, үндестіктер де жүйелене қамтылған. Жазушы-ғалымның осы «Мир казахов» кітабында ұлттық тарихтың аса елеулі дәстүрлері енгізілген [7, 467-б.].

Тарихшылардың, археологтардың, фольклортанушылардың, этнографтардың зерттеулерімен үндес прозалық шығармаларынан қазақ музыкалық өнерінің қалыптасу, даму жолдарын, киіз үй құрылысы, сәулет өнері, мәдени ескерткіштер, халық дәстүрлері, бүркітшілік, аңшылық спортты, тағам дайындау технологиясы, дәрілік шөптер, т.б сан алуан көшпелілер мәдениетінің толық сипатын құрайтын мәселелерді оқи аламыз.

Автордың «Кеніш: Қарағанды облысы туралы кітабы» (1979) өлке тарихын тартымды баяндаған. Тарих, мәдениет ескерткіштері біздің елде халықтың рухани асыл қазынасы ретінде мемлекет қамқорлығына алынған. Автор бұл кітабында мол тарихи, археологиялық, этнографиялық деректерге сүйене отырып, туған жер төсіндегі ескерткіш белгілер туралы сыр шертеді. Ұрпақтардың рухани сабақтастығы, халқымыздың терең тамырлы мәдениеті, бүгінгі гүлденіп көркейген Қазақстанның кемел шағы жайында ой толғайды [8, 117-б.].

«Қыр хикаялары» деп аталатын жинағында жас жазушы Ақселеу Сейдімбековтың соңғы жылдары жазған бірнеше шағын повестері енгізіліп отыр. Мұндағы шығармалардың оқиғасы тартымды, тілі ширақ. Кітап қызықты оқылады. Оқырман қауымға көркем шығарма, ғылыми танымдық кітаптарымен танымал жазушы А. Сейдімбек мәдениетіміздің өткені, бүгінгі және болашағы жайында сыр шертеді. Автор көркем творчествомыздың әралуан түріне халықтың біртұтас тарихи-мәдени айғағы ретінде ден қояды. Кітап мол тарихи дерегімен, парасатты ой-тұжырымдарымен және тартымды тіл стилімен назар аудартады [9, 167-б.].

Халық ауыз әдебитін телегей-теңіз мол мұра десек, сол теңізді құрайтын аса ауқымды арнаның бірі – эпикалық жырлар. Ал солардың ішіндегі ең бір келісті де көрнектісі «Алпамыс батыр жыры» екені даусыз. Автор осы жауһар туындыны көркемдігі мен сурет-бояуына қылаудай да залал тигізбей, әсер- сезімін еш төмендетпей, бірақ ойлау пайымдау, саралау, қабылдау қабілеті әлі толық қалыптасып үлгермеген жас жеткіншектердің таным-түсінігіне лайықтап, қара сөзбен әсерлі баяндап шыққан. Шығарманың тілі де тартымды, ұғынықты, қарапайым. «Алпамыс батыр» жырының қара сөзбен баяндалып, көркем безендірілген бұл нұсқасы жас ұрпақтың ойын ұштап, қиялын қанаттандыратын кезекті рухани олжасы боларына күмән жоқ [10, 277-б.].

Нәтижелер және талқылау

Сланұлы Ақселеу Сейдімбек қырық жылдан астам әдебиет, этнография, тарих, филология, өнертану салаларында өнемді еңбек етті. Оқырманға ұсынылған библиографиялық көрсеткіш материалдарына тұтастай рет саны қойылып, әрбір тараудың материалдары өз ішінде хронологиялық тәртіппен берілген. Ғалым-жазушының тарихи сана мен фольклорлық-этнографиялық мәселелерді игеруінде ұрпақ тәрбиесіне ықпалды қасиетті танымыз. Сондай-ақ автордың шет ел тілдеріне аударылған еңбектері де түпнұсқалық атау бойынша қазақ тілінде беріліп отыр. Библиографиялық көрсеткіш студенттерге, оқытушыларға һәм ғылыми қауымға арналған [11, 387-б.].

Алаштың аяулы Ақселеуін ұрпақтар ұпытпайды. Алаштың аяулы азаматы, ұлт рухының жанашыры, қазіргі заманғы қазақтану ғылымының негізін салушылардың бірі Ақселеу Сейдімбек халықтың рухани құндылығын, өнері мен өнегесін дәріптеген зерек ойлы ғалым-этнолог өз ұлтының жоғын жоқтап, барын түгендеуден жалықпаған Ақаң туралы әлі де талай естеліктер мен есте қалатын дүниелер туар. Ақаң елінің ыстық ықыласына, ұлт жанды азаматтық ортаның ерекше ілтипатына бөленген жан деуге болады. Белгілі қаламгер, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ақселеу Сейдімбектің очерктері тарихи сананы дамытады, зерттеп отырған тақырыбын жан-жақты саралай отырып, очерк жанрының табиғаты туралы да байсалды ой-пікірлерін ортаға салады. Ғалым-жазушының тарихи сана мен этнография мәселелерінің ғылыми-танымдық прозалық шығармаларындағы жазуынан ұлт тарихын ұрпақ санасында орнықтыру мұратынан туындағаны анық. Академик Әлікей Марғұлан жазушы-ғалымның «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабына жазған алғы сөзінде қаламгер шығармашылығына баға берген-ді: Мәдениеттің күрделі үлгісін жазушы А. Сейдімбек толып жатқан тас үңгірлерден, тас бетінде сайраған суреттерден көреді. Сондай жарқын ойлардың бірі орталық Қазақстанның, Бетпақ даланың жер аттары, сол Бетпақдаланның ұзақ шөлін ерте кезде кесіп өткен неше алуан жолдары туралы. Соның бәрі тартымды тілмен жүйелі оймен, әсіресе ел ішінен ерінбей жинаған қызықты деректермен баурап отырады (А. Сейдімбек, 1981). Демек ғылыми прозаның туындылары тарихи сана мен халық этнографиясының игерудің озық үлгісін танытты [12, 247-б.].

Ғалым-жазушының тарихи сана, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселелеріне арналған прозалық туындыларының публицистикалық сарындылығы қосыла өріліп отырады. Мысалы, «Ой толғақ» кітабы (А. Сейдімбек, 1997). Осындай әдебиетіміздің тарихындағы мұраларда бұндай сарындылық Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашидиінде», Шоқан Уәлихановтың жолжазба очерктері мен этнографиялық зерттеулерінде байқалған. Ыбырай Алтынсариннің де этнографиялық очерктерінде

публицистикалық сарында сезіледі. Ақселеу Сейдімбектің тарихи сана мен этнографиялық мәселелері байқалған прозасынан ғылыми және публицистикалық тұтастық табиғатын да сезінеміз. 70–90 жылдар прозасының жемісі болып табылатын А. Сейдімбектің «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Ақиық», «Атамекен», т.б. прозаларында қарапайым еңбек адамдарының әлемін кең қамтиды. Жазушы прозасының басқа қаламгерлерден ерекшелігі ғылыми-танымдық, фольклорлық-этнографиялық эссе түріндегі шығармалар жазуды дамыта өрістетті.

Қорытынды

Қорыта келсек, Ақселеу Сейдімбек әңгімелерінің басты тақырыбы мен көтерген өзекті мәселесі – ауыл өмірі мен әлеуметтік жағдайдың өзара байланысын суреттеу. Сол арқылы кейіпкерлердің азаматтық табиғи болмысын, адамгершілік позициясын, рухани тазалығын, жан сұлулығын, сырлы психологиялық этюдтермен өрнектеу қаламгердің басты мақсаты болған. Қаламгер – ауыл адамдарының адалдығын, кіршіксіз ақкөңіл мінездерін, бауырмалдығын, ішкі ой-сезімдерін ашып көрсетуде суреткерлік шеберлігімен танылған жазушы. Жазушы шығармаларын оқи отырып, ауыл мен қала тіршілігіндегі айырмашылық, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты байқаймыз. Сол арқылы табиғи қалыптасқан далалық мінез-құлықтың, адамшылық пен қарапайымдылықтың, кеңшіліктің еш уақытта жоғалып кетпейтініне көзіміз жетеді [13, 399-б.].

Қазақ әдебиетінде халықтың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, дәстүрлі мәдениетіне ден қойып, одан көркем туынды тудырған көрнекті қаламгерлеріміз аз болған жоқ. Бүркіт салу, саят құру, атбегілік, бәйгені баптау, құсбегілік пен аңшылық сияқты қазақ халқының дәстүрлі кәсібіне айналған өнер түрлері қаламгеріміздің шығармаларына негіз болды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Әдеби өмір шежіресі (Құрастырғандар – Ә. Нарымбетов, Е. Жаппасұлы, С.Қажі) [Текст]. – Алматы. – 2009. – 672 б.

2 **Сейдімбек, А.** Күнгір-күнгір күмбездер : сұлулық туралы сырлар [Текст]. – Алматы. – 1981. – 204 б.

3 **Сейдімбек, А.** Қазақтың күй өнері [Текст]. – Астана. – 2002. – 832 б.

4 **Сейдімбек, А.** Текті өнердің тарихнамасы // «Егемен Қазақстан» газеті [Текст]. – 2001. – № 36.

5 **Сейдімбек, А.** Серпер: очерктер мен деректі әңгімелер [Текст]. – Алматы. – 1982. – 208 б.

6 **Сейдімбек, А.** Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу [Текст]. – Астана. – 2008. – 728 б.

- 7 **Сейдімбек, А.** Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау : Оқу құралы [Текст]. – Алматы. – 1997. – 464 б.
- 8 **Сейдімбек, А.** Кеніш: Қарағанды облысы туралы кітап [Текст]. – Алматы. – 1979. – 112 б.
- 9 **Сейдімбеков, А.** Қыр хикаялары : повестер [Текст]. – Алматы. – 1977. – 160 б.
- 10 **Сейдімбек, А.** Ой толғақ : Жарияланбайтын жазбалар [Текст]. – Алматы. – 1997. – 272 б.
- 11 **Қабдолов, З.** Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар [Текст]. – Алматы. – 1977. – 380 б.
- 12 **Сейдімбек, А.** Күңгір-Күңгір күмбездер : Сұлулық туралы сырлар [Текст]. – Алматы. – 1981. – 240 б.
- 13 **Ахметов, З.** Ұлттық характер // Кітапта : Әдебиеттану терминдер сөздігі [Текст]. – Семей. – 2006. – 398 б.
- 14 **Сейдімбек, А.** Қазақтың күй аңыздары (құрылымы және жанрлық ерекшеліктері) // ф.ғ.д., дис. Авторефераты. – Алматы : М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, – 1997. – 37 б.
- 15 **Jackson, L. A., Lewandowski, D. A., Ingram, J. M., Hodge, C. N.** Group stereotypes: Content, gender specificity and affect associated with typical group members // *Journal of Social Behavior and Personality*. Volume 12, Issue 2, 1997, Pages 381 – 396. ISSN: 08861641 [Electronic resource]. – <https://psycnet.apa.org/record/1997-05013-006> (Қаралған күні 07.06.2022).

References

- 1 **Ädebi ömir şejiresi** [Chronicle of literary life] (compiled by A. Narymbetov, E. Zhappasuly, S. Kazhi) [Text]. – Almaty. – 2009. – 672 p.
- 2 **Seidimbek, A.** Kūñgır-kūñgır kūmbezder: sūlulyq turaly syrlyr [Dark domes: secrets of beauty] [Text]. – Almaty. – 1981 – 204 p.
- 3 **Seidimbek, A.** Qazaqtyñ küi öneri [Kazakh Kui art] [Text]. – Astana. – 2002. – 832 p.
- 4 **Seidimbek, A.** Tektı önerdiñ tarihnamasy [Historiography of Noble Art] [Text] // Newspaper «Egemen Kazakhstan», No. 36, February 16, 2001.4 p.
- 5 **Seidimbek, A.** Serper : ocherkter men derekti äñgimeler [Serper: essays and documentary stories] [Text]. – Almaty. – 1982. – 208 p.
- 6 **Seidimbek, A.** Qazaqtyñ auyzsa tarihy: zertteu [Oral history of the Kazakh people: a study] [Text]. – Astana. – 2008. – 728 p.
- 7 **Seidimbek, A.** Qazaq älemi: etnomädeni paiymdau: Oqu qūraly [The Kazakh world : ethno-cultural thinking: a textbook] [Text]. – Almaty. – 1997. – 464 p.

8 **Seidimbek, A.** Keniш : Qaraғandy oblysy turaly kitap [Kenish: a book about the Karaganda region] [Text]. – Almaty. – 1979. – 112 p.

9 **Seidimbekov, A.** Qyr hikaialary:povester [Syr stories: novellas] [Text]. – Almaty. – 1977. – 160 p.

10 **Seidimbek, A.** Oi tolғаq: Jarialanbaityn jazbalar [Oy Tolkyn: unpublished notes] [Text]. – Almaty. – 1997. – 272 p.

11 **Kabdolov, Z.** Jebe. Ädebi tolғанystar men taldaular [Arrow. Literary reflections and analysis] [Text]. – Almaty. – 1977. – 380 p.

12 **Seidimbek, A.** Kūñgır-Kūñgır күмbezder: Sūlulyq turaly syrlar [Dark domes: secrets of beauty] [Text]. – Almaty. – 1981. – 240 p.

13 **Akhmetov, Z.** Ūlttyq harakter // Kitapta: Ädebiattanu terminder sözdıgı [National character // In : Dictionary of Literary Studies terms] [Text] – Semipalatinsk. – 2006. – 398 p.

14 **Seidimbek, A.** Qazaqtyñ küi aңызdary (qūrylymy jäne janrlыq erekшелikteri) [Legends of Kazakh Kui (structure and genre features) : Ph. D., dis. Abstract]. - Almaty: M. O. Auezov Institute of literature and art, 1997. – 37 p.

15 **Jackson, L. A., Lewandowski, D. A., Ingram, J. M., Hodge, C. N.** Group stereotypes: Content, gender specificity, and affect associated with typical group members // Journal of Social Behavior and Personality. Volume 12, Issue 2, 1997, Pages 381–396. ISSN: 08861641 [Electronic resource]. – <https://psycnet.apa.org/record/1997-05013-006> (Access date 07.06.2022).

03.07.24 ж. баспаға түсті.

18.10.24. ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Б. Т. Тлеубекова¹, Ж. К. Сағынтаева², А. П. Шахарман³*

¹Дизайн и технология «Сымбат» АГЭУ,
Республика Казахсатн, г. Алматы;

²Павлодарский педагогический
университет имени Ә. Марғұлана
Республики Казахстан, г. Павлодар;

³Торайғыров университет,
Республики Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 03.07.24.

Поступило с исправлениями 18.10.24.

Принято в печать 25.11.24.

ТВОРЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ А. СЕДИМБЕКА

В истории казахского словесного искусства традиция написания историко-познавательных, этнографических произведений берет свое начало с древних эпох. Известный ученый-исследователь Акселу Сланович Сейдимбек завершил свое всестороннее исследование искусства кюи (инструментальной музыкальной композиции), которое он исследовал в течение многих лет и представил читателям. Автор анализирует литературное наследие казахского народа в духе казахского народа в историческом и этнографическом контексте, анализирует способы их формирования, их социальную жизнь и их природные привычки, основываясь на конкретных доказательствах. Самым эмпирическим материалом в казахской музыкальной культуре впервые является духовная революция, а жизнь и творчество многих народных композиторов основаны на новейших данных. Мысли писателя полны хороших научных доказательств. Важно изучать научно-эстетический роман, написанный прозаиком. Это ценное наследие исторической, познавательной работы писателя по объяснению традиции предков.

Автор книги «Мир казахов» также отражает художественное качество культурно-эстетического характера документальной прозы. Организует народные легенды, обычаи, традиции. Народные промыслы, музыкальные инструменты, национальная охота, мастера искусств и т.д. – все связано с системой исторического сознания. В то же время систематически освещается культура тюркских народов, взаимосвязь, гармония. В эту книгу писателя-ученого «Мир казахов» включены важнейшие традиции национальной истории.

Ключевые слова: искусство кюи, национальная этнография, литературно-просветительская деятельность, фольклор, эпическая поэма, народная музыка

*В. Т. Tleubekova¹, Zh. K. Sagyntayeva², A. P. Shaharman³

¹Design and technology «Symbat» ASUE,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Pavlodar Pedagogical University
named after A. Margulan, Pavlodar;

³Toraighyrov university,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 03.07.24.

Received in revised form 18.10.24.

Accepted for publication 25.11.24.

A. SEDIMBEK'S CREATIVE LIFE

In the history of Kazakh the word art the tradition of writing historical and cognitive, ethnographic works start from the ancient eras. Famous scientist-researcher Akseleu Slanovich Seydimbek has completed his comprehensive study of the art of kui (instrumental musical composition) which he investigated for many years and presented to the readers. The author analyzes the literary heritage of the Kazakh people in the spirit of the Kazakh people in a historical and ethnographic context, analyzes the ways in which they are formed, their social life, and their natural habits, based on concrete evidence. The most empirical material in the Kazakh musical culture is for the first time the spiritual revolution, and the life and creative work of many folk composers are based on the latest data. The writer's thoughts are full of good scientific evidence. It is important to study a science-aesthetic novel written by prose writer. It is a valuable heritage of historical, cognitive work of the writer to explain the traditions of ancestors.

The author of the book «Mir Kazahov» («The World of the Kazakhs») also reflects the artistic quality of cultural-aesthetic character of documentary prose. Organizes folk legends, customs, traditions. People's crafts, musical instruments, national hunting, masters of arts, etc. - everything is connected with the system of historical consciousness. At the same time, the culture of Turkic peoples, interconnectedness, harmony is systematically covered. In this book of the writer-scientist, «Mir Kazahov» («The World of the Kazakhs»), the most important traditions of national history are included.

Keywords: the art of kui, national ethnography, literary and educational, folklore, epic saga, folk music

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz